



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.09.2024 жыл

№ 1, 5-т.

Құжат айналымын цифрлық форматқа көшіру жұмыстарының жай-күйі және кәсіподақ органдарының Кәсіподақта іс жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі шешімдерінің орындалуы туралы

Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының кеңсе меңгерушісі М.Бейсембаеваның «Құжат айналымын цифрлық форматқа көшіру жұмыстарының жай-күйі және кәсіподақ органдарының Кәсіподақта іс жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі шешімдерінің орындалуы туралы» ақпаратын тыңдап, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару Комитеті атап өтеді:

Кәсіподақтың Атқару Комитетінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 9 «Кәсіподақтағы цифрландыру туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында Кәсіподақтың Орталық Комитетінде ақпараттық мәліметтер банкі, анықтамалық-библиографиялық және әдістемелік қор мен электронды құжат айналымын қалыптастыру бойынша, сондай-ақ Кәсіподақтың Атқару Комитетінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 19 «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағындағы ақпараттық жұмысты әрі қарай жетілдіру жағдайы мен шаралары туралы» қаулысымен Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (әрі қарай – ААЖ) әзірленіп, енгізілді.

Осы жүйені қолдану бағытында жауапты тұлғалар мен мамандарды оқыту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

ААЖ-де құжаттардың электрондық түрде жасалуы, таратылуы, қолжетімділігі мен басқару функционалдығы қамтамасыз етіледі. Жүйе құжаттармен, оның ішінде дәстүрлі іс жүргізуге тән жұмыстар кешенін автоматтандыруды қамтамасыз етеді: Салалық кәсіподақта да, мүшелік ұйымдарда да істерді құру, тіркеу, тарату, орындалуын бақылау, қалыптастыру және сақтау. Мүшелік ұйымдардың көпшілігі цифрлық құжаттамаға көшті. Орталық Комитет аппаратында іс жүргізу электрондық түрде жүргізіледі.

Алайда, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының облыстық және қалалық

ұйымдарында құжат айналымын цифрлық форматқа көшіру жұмысының жағдайы әрқелкі. Павлодар, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Ақмола облыстық ұйымдарында құжаттама толығымен цифрлық форматта жүргізілуде, аудандық және қалалық ұйымдарда цифрлық базаны енгізу жұмыстарын жалғастыруда.

Бүгінгі таңда Абай облысының кәсіподақ ұйымы ААЖ бойынша тек Орталық Комитет аппаратымен ғана жұмыс істейді, себебі интернет аудан орталықтарында тұрақсыз, сондықтан цифрлық форматқа көшу қиынындығы туындап тұр. Сонымен қатар, «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіподағында, «Қорғау» Қостанай облыстық кәсіподағында, Атырау облыстық ұйымында, Шымкент қалалық кәсіподағында, Алматы қалалық кәсіподақ ұйымында құжаттама ААЖ бойынша тұрақты жүргізілмейді. Салалық кәсіподақтың электрондық поштасына құжаттарды, хаттарды, шығыс хат-хабарларды жіберу үрдісі сақталуда.

Шығыс Қазақстан облыстық ұйымында іс жүргізу ішінара цифрлық форматқа ауыстырылды, яғни біртіндеп енгізу сатысында тұр. Маңғыстау облыстық ұйымында мүшелік ұйымдармен өзара жұмыс онлайн (Zoom, WhatsApp-тағы чаттар) консультациялар, жиналыстар және т.б. арқылы. Облыстық ұйым ААЖ платформасында пассивті жұмыс істейді, өйткені ол бағдарламаны ыңғайсыз, көп сатылы және қосымша уақытты қажет етеді деп санайды және құжат айналымын цифрлық форматқа ауыстырудың неғұрлым сапалы деңгейін түсінбей отыр. «Жетісу» облыстық жергілікті кәсіподағында іс жүргізу маманының жүктілік және босану бойынша демалысқа шығуына байланысты платформада жұмыс тоқтатылды, кадрлар тапшылығы бар.

Барлық мүшелік ұйымдарда аудандық және қалалық филиалдарды бүгінгі күні электронды құжат айналымына көшіру жұмыстары әлі де жолға қойылған жоқ. Жергілікті жерлерде филиалдарды қосымша қажетті техникалармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіліп, оқыту семинарлары өткізілуде.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ басшылығы (А.М.Мукашева, В.Ф.Беженаров) 2026 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде кәсіподақ мүшелерінің бірыңғай есепке алу бағдарламасын жасауды қамтамасыз етсін және есептіліктің барлық формалары мен түрлері электронды нысанға ауыстырылсын.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына:

- 2026 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде барлық деңгейдегі мүшелік ұйымдардың электронды құжат айналымына өтуін қамтамасыз етсін;

- аудандық және қалалық құрылымдық бөлімшелерді автоматтандырылған ақпараттық жүйеге (ААЖ) көшіру жұмысын бастап, көрсетілген мерзімде аяқтасын.

3. Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының кеңсесі (Бейсембаева М.Б.) ААЖ платформасында жұмыс жасаудың қадамдық нұсқаулығын жасақтасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева